



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

с.Афанасьевка
2025 жылғы «12» мамыры

№39

**2024 – 2025 оқу жылының ұйымдастыра аяқтау туралы
«Афанасьевка орта мектебі» КММ**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына, «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы және 2025 жылғы 24 сәуірдегі №82 «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы негізінде, сондай-ақ «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Шал ақын ауданының білім бөлімі» КММ 2025 жылғы 8 мамырдағы №395 «Шал ауданының орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылын ұйымдастыра аяқтау туралы» бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп әкімшілігі:

- 1) жоғарыда көрсетілген бұйрықтардың талаптарына сәйкес 2024 – 2025 оқу жылының ұйымдастыра аяқталуын қамтамасыз етуге;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген негізгі орта, жалпы орта білім беру 5-8, 10 сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша аралық аттестаттауды емтихан түрінде өткізуді қамтамасыз етсін.
- 3) 9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында өткізілсін:
 - математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;
 - орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2025 жылғы 2 маусым;
 - таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология, география) – 2025 жылғы 5 маусым;

- қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;
2. Мектеп бағдарламашысы С.Н.Васимов осы бұйрықты мектеп сайтында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Р.Б. Алибаевқа жүктелсін.

Мектеп директоры:



Ж.Б.Бижигитова